

Н.Н. ИМАНБЕКОВА

ЖАЗУШЫ ҚАРАУЫЛБЕК ҚАЗИЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ АВТОБИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТ

«Дүниеге бір адамның келуі ұлкен қуаныш, ал жазушының келуі біртұтас бір тарихи құбылыс» деп орынды айтылған. Қарауылбек Қазиев – қазақ әдебиетіндегі сондай құбылыстың бірі. Әдебиетте аз жасап, көп тындыратын да, көп жасап аз тындыратындар да ұшырасқан. Әдебиет – таланттың тірлігі дейтініміз сондықтан.

Қаламгердің артына калдырыған әдеби мұрасының бір арнасы – әңгімелері. Жазушы Қ. Қазиевті әңгіме жанрының өзіндік қырларын шебер менгерген қаламгер десек қателеспейміз.

Жазушының шығармасын оқи отырып, оның өмірінің деректерін кездестіру заңдылық. Мұндай сипат Қ. Қазиевке де тән. Өмірден көрғенін қалт жібермей, әңгімелерге айналдырып, қағаз бетіне түсіре қояды. Жазушы өмірде болған оқиғаны көркем туындыға айналдырады. Кезінде өмірді боямалауға Ф.М. Достоевский де қарсы болған. Сонда жазушы өмірді көшіре береме? Қ. Қазиев көркем туындыға арқа болар өмірдің шынайы сәттерін сезіне білген, оны типтендіріп, көркем дүниеге айналдырып береді.

Әңгіме – эпикалық жанрдың шағын түрі. Сондықтан онда адам өмірінің жекелеген сәтін танытатын бірер оқиғағана баяндалады. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны шектеулі болып келеді [1,89]. Оқиғаның шектеулілігі, кейіпкерлер санының аздығы, құрылсының жинақылығы, көлемінің ықшамдылығы бұл жанрдың женілдігін емес, кайта киындығын көрсетеді. Автор уақыт жағынан мейлінше қысқа мерзім ішінде кейіпкерлер өміріндегі біреу де болса бірегей оқиғаны көркем баяндау-суреттеу арқылы оқырманға олардың адамдық болмыс-бітімін айқындаш беруі керек. Бұл өрине, онай іс емес. Осы міндетті мінсіз орындау үшін өмірді, оның заңдылықтарын терен білу өз алдына, ең бастысы оның (өмірдің) бір сәтінің тынысын аядай уақыт шенберінде көркем де кемел таныта білуі керек, бұл қаламгерден талант пен суреткерлік шеберлікті талап ететін шарттар.

Айтылған жайлар әңгіменің автордан қалыптасқан шеберлікті, көркемдік талғамды, танымды талап ететін қызын да кірпияз жанр екенін айғақтайды. Тегінде «Шынында жазу өнеріне ша-

ғын әңгіме арқылы төсөлу керек, шағын әңгіме авторды сөзді үнемдеп қолдануға, оқиғаны кою етіп көрсетуге үйретеді», – деп М. Горький өте білікті айтқан. Бұл пікірді У. Фолькнердің «Қысқа әңгімede әр сөз өз орнымен, мейлінше нақты болуы керек. Романда басы артық сөз, детальдар бола береді, ал әңгімede болмауы тиіс. Оның көлемінің өзі мол сөзділікті көтере бермейді» деген толымды тұжырымы толықтыра түседі. Бұған әйгілі қаламгер А. П. Чеховтың «Қыскалық – таланттылық тәлімі» деген белгілі сөзін қоссак, мұның бәрі қосыла келгенде әңгіме жанрдың ерекшеліктерін, оның шынында да шеберлік мектебі екенін, себебін айқындау түсегінде ақықат. Қ. Қазиев осы шеберлік мектебінен өткен.

Жазушы шығармасына негіз болатын материалдарды, өмір құбылыстарын сүйіп қана коймайды, олардың барлық нәзік жайлары мен шетін сырларын жаңымен сезініп, іштен көшірумен де шектеліп қалмайды, солардың бәрін өзгенің емес, өзінің шындығы, өз шындығы болғанда да ең аяулы, асыл шыны ретінде таниды. Соның нәтижесінде жазушы шығармаларында өмірдің ақықат құбылыстары мен автордың өз басының жеке сырлары, әрекеттері ажыратуға келмейтін бүтін құбылыс ретінде көрініс береді. Жазушының «Ақ бантік» әңгімесін оқып, өміrbаянымен салыстыра барлағанда, өзара байланысты аңғарамыз.

Төртінші курстың сонында Қ. Қазиев Шуаудандық газетінде бірнеше ай жұмыс істеп, тәжірибеде болып қайтады. Сонда басынан қызықты оқиға өтеді. Аудандық газетке алғашқы өлеңдерін әкелген оныншы сыныптың қызымен (Гүлзатпен) танысады. Гүлзат – әдемі, ойнақы, бойжеткен. Уақыт өте келе танысып-білісіп, кешкілік бірге қызырып, сыр бөлісіп бірге жүретін болған. Мектеп бітірген күні кешкісін екеуі өзен бойлап серуендеп, енді үйіне қайтар мезгілде қыз кенет ақ бантигін шешіп алғып, ағаш бұтағына байлайды. Ерке қыз бұл қылышын жігітке: «Балалығыммен қоштасуымның белгісі болсын!» деп түсіндіреді.

Кейін жап-жас қыздың бұл оқыс қылышын жазушы студент достарына айтып береді. Әңгімені тындаш отырғандардың бәрі елең етіп әсер-

ленеді. К. Қазиев пен Е. Ахметов осы тақырыпта әнгіме жазуға келіседі. Осындай шешім қабылданып, кімнің жазғаны мықты шығатының анықтау мақсатында үш адамнан комиссия құрады. Комиссия бастығына ақын Есенбай Дүйсенбаев сайланады. Ол кезде Е. Дүйсенбаев қалың оқырманға енді таныла бастағанмен, өз араларының мықтысы саналатын. Онын «Сенің көзін» атты тамаша өлеңін курстастарының жатқа айтатын кезі. Екі әнгіме де тез жазылады. Комиссия екі «Ақ бантікті» де мактап, баспасөзге ұсынуға шешім шығарады. Бірақ газет-журнал редакциясына ұсынудың орнына Жазушылар одағына апарады. Онда жастар шығармашылығы комиссиясының төрағасы Әбу Сәрсенбаевқа кіріп, екі әнгіменің бәсекемен жазылғанын, қайсысы жақсы екендігіне төрелік айтуын сұрайды.

Әнгімелердің көлемі шағын еді. Жастардың қамкоршысы ынта койып тындала: «Әй, мынау дәл менің қызым ғой», – деп сүйсінгенін жасырмай, куана күліп қояды. Оқып біткен кезде көнілденіп, шаттанып кетеді.

– Қайсысы мықты деп таласудың еш қажеті жоқ, екеуі де тамаша әнгіме. Осылай жаза беріндер. Қарауылбек, сенікін «Мәдениет және тұрмыс» журналына ұсынайық. Ерғали сен, «Жұлдыз» журналына апарып бер. Екеуі де басылады, редакторларына өзім айтамын, – деп түйіндейді [2,140]. 1963 жылдың көктемінде Қарауылбек Қазиевтің әнгімесі, жаздың басында Ерғали Ахметовтің әнгімесі аталған журналдарда жарияланады. Осы жылы «Жұлдыз» журналының кезекті бір нөмірі жастар шығармашылығын қолдауға арналып, бейге үйимдастырылады. Талапты жастың «Ақ бантік» әнгімесі жүртшылықты елең еткізіп, бәйгеде жүлдеге ие болады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Қарауылбек Қазиевтің қайбір шығармасы болмасын, катардағы қарапайым окушылардан ғана емес, белгілі ақын-жазушылар Әбу Сәрсенбаев, Тәкен Әлімқұлов, Сейдахмет Бердікұлов, Әбіш Кекілбаев, Тұманбай Молдағалиев сынды қаламгерлерден де қолдау тауып отырды. Әбу Сәрсенбаев «Ақ бантікке» «ақ сезімнің аймалауы» деп сүйсінсе, Тәкен Әлімқұлов қаламдас інісінің қадамына камқор көнілмен ықыласын білдіреді. Сейдахмет Бердікұлов өзіне тән жылы юмор, шымшыма өзілімен «Ақ бантікті қыздар, күрсіншек жігіттер» атты ойлы мақаласын жариялапты. «Өз басым осынау алғашқы ғашықтық гимні іспетті бүл ұлы маҳабbat дастаңын өлі күнге дейін інжу-маржандар санатындағы шығарма санаймын», – дейді ақын Есенбай Дүй-

сенбай [2,73]. Ақын Жақсылық Сәтібеков жазушының «Ақ бантігін» оқып: «Мынау Габеннің үршығында иірілген түбіттің үлбірегі ғой» – дейді [2,67].

«Ақ бантік» әнгімесі туралы академик Рымғали Нұрғалидың пікірі – сондай биік бағалардың бірі. «Қарауылбек – туа біткен дарын иесі. Бойына ана сүтімен дарыған. «Ақ бантік» деген әнгімесін есімнен шығара алмадым. Көз алдынан кітаптағы бейтаныс қыз кетпей-ақ қойды. Сол қыз осы Шуда өскен бе екен деп ойлаймын. Жүзін бір көргім келеді де тұрады». «Иә, «Ақ бантік» десе дегендей, әнгіменің өне бойы тұнып тұрған, қылын тартсан сөйлеп кетер қобыз үніндей сырлы дүние»- дейді Мұхтар Анарбеков.

Жазушы өз өмірін жазады. Оны қөптеген жазушылар тәжірибесі растайды. Мәселен, онын шығармаларындағы Қайрош, Қаржау, Қалау, Қайыржан есімді жасөспірімдер – Қарауылбек Қазиевтің өзі екенін сезінеміз. Жазушының өз басынан өткенін баяндай бермейді. Үрпакқа ұлғінеге боларлығын суреткерлікпен сұрыпташ пайдаланған.

Автордың «Менің шешем» әнгімесі өмір шындығынан туындаған. Өмір құбылыстары мен жазушының өзі тікелей қабылдап, есіне эмоциялық сырлы сазымен сакталып қалған күйлер шығармашылық процессте елеулі қызмет атқарады. Қазақ әдебиетінде ана образының жасалуына F. Мұсірепов творчествосының ықпалы аз болған жоқ. Ол адамзатқа тән жоғарғы қасиеттерді ананың бойынан көрсетіп, ана маҳаббатының, ана жүргінің құдіретін суреттеген еді. F. Мұсірепов творчествосының осы ерекшелігін жалғастыру К. Қазиевтің творчествосынан байкалды. Жазушы жазушыны қөшіріп жатуы абырой бермейді. Авторды ең алдымен суреткер шеберлігі толғандырады. «Жазушының ғұмыр бойғы әрекеті – жазушылық шеберлік жолындағы әрекет», – деп академик З. Қабдолов айтқандай, К. Қазиев F. Мұсіреповтің жазушылық шеберлігіне ден қояды [3,113].

Шығармашылық процеске назар аударғанда, жазушы өмірін, оның өмірінде болған ұмытылмас сәттерін сырт қалдыруға болмайды. Қаламгердің «Менің шешем» атты шығармасы осы ретте автобиографиялық әнгімелер қатарына жатады. Жазушы құдіреті өмірдің өзіндегі шығарма жазуында. Автор таланты осынысымен үздік. Жазушы фотограф емес, қандай да оқиға оның көніл сүзгісінен өтіп, көркем шындыққа айналады. Осы жөнінде жазушы F. Мұстафиннің: «Тақырып, фактілер қандай қызықты болғанымен, жазушы үшін материал ғана» [4,229] деуінде

үлкен шындық бар. Жазушы Қ. Қазиев шығармаларының өмірге жақындығы сондай оларды өміrbаяндық екен деп қаласың. Рас, олардың өз өмір жолы негізінде жазылғандары да, жазушылық киялынан туындағандары да бар. Автор өміrbаяндық хикаяттарда өз есімін бүркемелеп, кейіпкерлерінің атын өзгертпей беруі байқалады.

Ананын бейнеті кай заманда да женіл емес. Жылқышы әкесі Қазы Ұлы Отан соғысына аттанғанда екі жаста қалған Қарауылбекті мәпелеп өсірген шешесі Ермектің жарқын образын жасайды. Балалық кезі Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келіп, әкесін жоғалтқан жазушының сол уақыттың қасіретін суреттеуі заңды да. Қ. Қазиев – балалығын соғыс өрті шалған буынның өкілі. Сондықтан да Ұлы Отан соғысы – жазушы шығармашылығындағы негізгі тақырыптың бірі. Біраз туындысының бас анасы, кей шығармасының фоны бал дәуренін ұрлаған, қуанышын мұнға айналдыған сол жылдар болып келеді. Соғыс жылдары жазушы үшін шарасыз мұн-шер ғана емес, жесірлік пен жетімдікітінен жаңған жігер, өр қайсарлық болып суреттеледі.

«Менің шешем» әңгімесінде осы эпизод көркем беріледі. «...Шешем күткен үміт сәулесі ұшы-қиырсыз созыла берді, созыла берді. Ауырлық арқалаган жаралы жылдар да отіп кетті. Қайғы бұлты ыбырап, әрбір қошеде бейбіт өмірдің оты жүзірді. Бірақ менің әкем оралған жоқ. Шешеме бұл қайтіп қана оңай болсын, баттай тұрган жарық жүздізы сонгені гой ол. Алыста болса да медеу тұтып арқа сүйенген асыл азаматы хабар-ошарсыз қара үзіп қалып отырса, қай адамның жүргегіне жеңіл тиер дерсіз. Бірақ менің шешем сыр берген жоқ, жүргегінде жатқан үлкен махаббаты мен үндемес уайымын тысқа шыгармай ішіне сондірді.

Мінеки, бар айнала қара көлеңке жасамылым, ескерусіз тұрган жыртық ай жузіне рең кіре бастады. Бұл кеш белгісі. Әне, алыстан арба үстінен шырқалған ән естіледі. Бұл – жұмыстан қайтқан қызылашаши әйелдер гой. Әрине, ән айтып келе жатқан сен емессің, қайран анам, болса да ол – жастар жасагы. Бірақ сенің қажымас көңілің мен жасаира жүргегін еңбек жырын төгіп келеді. Сен, қарапайым еңбеккер, жалындаған үннің әлдінде келесің. Сен - алысың, колхоз өміріне кірген бақ пен дәүлеттің, қыдыр мен ырыстың барлығында сенің үлесің жатыр, соның көбі сенің жұмысыкөр қолыңнан откен. Шашың аққа боялып, өңінді әжім өрнегі шимайлапты. Бетіңдегі сансыз сзызық – алып далаға нәр беріп жатқан сансыз арықтардың сұлбасы сияқты. О, алтын апам, қажымайтын, талмайтын асыл анам, жолыңа қызгалдақтың бояуы төгіліп, таңғы арайдың нұры шашылсын».

Әңгімеден қашалықты ауырлықты басынан кешсе де, үзілмеген өмір әні осылай көрінеді.

Жазушы шығармашылығы туралы мәліметті көбіне қаламгер жаңында болып, етene жақын араласкан азаматтардың әңгімелерінен табамыз. Ерғали Ахметов Қарауылбек Қазиевпен бірге екі жылдай бір жатақханада тұрған. Сондықтан да бұл азаматтың сыр-толғанысына дерек-көзі ретінде мән береміз. «Төртінші курста ғой деймін, бір жолы каникул кезінде екі досым қоярда-қоймай шақырып, мені өз ауылдарына алып кеткендері бар. Сонда мен Ермек апайдың берекелі дастарханынан ас ішіп, бір апта бойы қонақ болып, өз үйімдегідей рахаттанып жатқанмын. Сонда байқағаным, Қарауылбек анасына еркелеп, өзілден отырады. Неге екенін ол анасын «Ереке» деп атымен атайдын. Бір-біріне қалжындары жарасып тұратын.

Сонда ана мен баланың арасындағы осы бір нәзік жарасымдылықтың әсерінен болар, мен Қарауылбекке балалық кезде өз басымнан откен бір әңгімені айтып бердім. «Соғыс кезі. Үш-төрт жаста болуым керек. Анамыз таң бозынан колхоз жұмысына кетеді, өзімнен он жасар үлкен бауырым да жұмыста. Құні бойы үйде жалғыз қалып, көрші балалармен көшеде ойнаймыз. Кешкін үздігіп, қарным ашады. Аштық адамды ақыл-есінен айырып жібереді екен. Бірде анам үйге келіп кірісімен: «Қарным ашты, нан тауып бер» деп қиылықты салып жыладым. Анам жалынып, жұбатқанына қарамай долданып, жер тепкілеп «нан, нан, нан!» деп жылай бердім. Жаны кысылған анам косыла жылады. Ақыры көршілерден бе, туыстардан ба бір жапырақ нан сұрап әкеліп беріп, мені әрен тыныштандырыды».

«Қандай үкастық! Дәл осында жағдай менің де басымнан откен. Соғыс қой, соғыстың кесірі ғой бері...» – деп досым едәүір әсерленіп қалды.

Кейінірек ол «Менің шешем» атты адам жаңын баурайтын шағын ғана әңгіме жазды» – деп Ерғали Ахметов әңгіменің жазылу тарихына тоқталады [2,141].

Әңгімеде ана жүргегінің ұлылығы шынайы суреттелген. Қаламгердің бұл шығармасы адамдарды ана қадіріне жетуге тәрбиелейді. Көркем туынды тұтас организм. Оның әр клеткасынан суреткердің ой-сезімі, дүниеге көзкарасы көрінеді. «Балалық шақ – ғажайып әлем. Әркім де балалықтан даналыққа беттеп бара жатады. Мен де өзімнің балалық шағымның жемісімін» [5,78], – деп Сент-Экзюпери жазғандай, бала күндерінің әсері кейінгі шығармаларына арқа болған.

Жазушы Қ. Қазиевтің «Бәйшешекті жыл» әңгімесінде «мектептегі махаббат» суреттеледі.

Мектептің озат оқушысы Асылтасқа ғашық болған бозбаланың оның күрмет тақтасындағы суреттің үрлап алып, басының бөлеге қалуы, өзіне қонымды, бойына шақ кәстөм алыш киіп, қыздың көзіне түскісі келуі, тәтті арманы мен қан базарға барып «қызу сауда жүргізгендігі» анқаулығы – бәрі нанымды суреттеген. Құрылымы жинақы әңгіме нағыз шебердің қолынан шыққандай эстетикалық әсерге толы. Сол көктемдегі бүкіл дағыны алыш, ауыл іргесіне дейін жеткен бәйшешек гүлдерінің суреті, еркін тыныстап, бусанып жатқан құмдауыт алқап көрінісі бар әдемі қалпымен көз алдына келеді.

Әңгіменің шешімі тосын. Анқылдаған ақ көнілімен базардан сыйлық алыш келгенде, қыздың басқа жігітпен оңаша отырғанын көруі, екеуінің көнілі жақын екендігін білгенде, көзіне жас толып, тыска атып шығуы психологиялық терендікпен берілген. Пейзаж берілгенде психологиялық астар шебер үйлестіріліп суреттеледі.

Е. Ахметов «Бәйшешекті жыл» әңгімесіндегі жазушы шеберлігіне сүйсінеді. Үнемі ізденис, есу үстіндегі автордың бүл туындысы мактаулы деген жазушылардың үздік шығармаларымен иық тенестіре алады десе, Әбіш Кекілбаев «Жауқазын махаббат жайлы жыр» деп жылы лебізін білдірді [2,99].

1960–70 жылдар – жазушының өндіріп жазған жемісті кезеңі. «Найзағайлы түн» әңгімесі жас махаббаттың оянуын суреттейтін лирика-психологиялық туынды. Дау жоқ, К. Қазиев қашанда мәңгілік көктем, мөлдір махаббаттың жыршысы болып қалады дейміз. Кіршікісін дүние, мөлдір бұлак, түнде жымындақсан сыйқырлы жұлдыздар, нәзік гүлдер, көгілдір таулар оның шабытына шабыт қосқан көркем шығарма компоненттері. Адалдық, адамдық, пәктік пен тазалық, сұлулық – туындыларының басты тақырыптары.

Шынайылық – қаламгер туындыларының негізгі сипаттарының бірі. Ол туып-өскен ауыл өмірін, ондағы адамдардың тыныс-тіршілігін базақалып көркем бейнелейді. Алғаш «Шоқпар асуы» деген атпен повесть болып жарияланған туынды кейін «Олар екеу, мен жалғыз» атты әңгімеге айналды. Шынында да, бүл туындыны сыншылар о баста көлемі жағынан да, камтитын өмірлік ситуациясы жағынан да повестен گөрі әңгімеге жуықтау деген. Бірақ мәселе көркем туындының көлемінде немесе қалай аталуында емес. Бүл шығармада автор өмірге енді қадам басқан жастарадын ержету кезеңіндегі сырды өзгеше бір деммен, албырт шакқа тән алышпұшпа сезіммен суреттеп бере білген. Шығарма кейіпкерлері өздерін қоршаған туған жердің әсем табиғатын-

дай таза, жүректеріне әлі қылау түспеген. Қайрош, Гүлзат, Тұнықтардың жан дүниелері сонымен қатар өзіндік сырлы жұмбакқа да толы. Сол бір үшкін сезімнің көнілде жылт еткен сәттері табиғи қалпымен бейнеленгендейтін қайталанбас, қимас сағынышқа бөлейді [6,55].

Жазушы «Олар екеу, мен жалғыз» әңгімесін 1976 жылдың көктемінде Жолымбет көктеуінде жазса керек. Естеліктерде айтылғандай: «1976 жылдың көктемі болатын. Жолымбет көктеуінде көшіп қонғанбыз. Бұл шопан атаулының арқасы кеңіген кез. Бір күні бала-шағасын алыш, Қарауылбек келе калды. Демалысқа шықкан екен. Оларға арналып ақбоз үй тігілді. Жаңадан бір ауыл көшіп келгендей біз де мәз-мәйрам болдық. Қарауылбектің қолы ашық, бас-басымызға сыйлық ала келетін өдеті. Бірер күн бала-шағасына Кербұлактың көздің жауын алатын табиғатын көрсетті.

Әркімнің туған жері – алтын бесігі емес пе? Шабыт қуып, қанаттана түсті. Қарауылбек бүл сапарында да жазу столына отырды. Кейін оқырмандардың сүйіп оқытын шығармасы «Олар екеу, мен жалғыз» әңгімесі осы жолы жазылған болатын», – дейді Тұрапбек Ибраев [2,112].

Сағындырып қайта оралған туған жер әсері көркем туындыға негіз болды. Қәмелеттік аттестат емтиханын тапсырып жүргенде, Қайрош, Гүлзат, Тұнық үшеуі Шоқпар асуына серуендереп барып, ертегідей бір сырлы ғажайып түнді басынан өткөреді. Осы әңгімеге бала Қайроштың ертеніне үйқыдан тұрғанда, сол жұлдызды түнмен бірге ен кимас асылын ұрлатқандай көнілі босап, көзіне жас тығылатыны бар. Оны автор былай жеткізеді: «Ертегідей болған түннің отіп кеткені ғой. Анырай, қалайша жылдам оте шыққан! Ең болмаса... Менің көзімे жас тығылды. Сол жұлдызды түнмен бірге ең кимас асылымында жоғалтқандай сезіндім. Қайран, қастерлі түн, қайта айналып оралар ма екенсің? Лықсын келген өкінішті өксік торқалы түн суреттің коз алдыма қайта-қайта елестетуге ырық бермеді. Етпетімнен түстім де, бетімді жуып, ерніме тамишлаган ыстық жасыма бұығыт жұбанbastan жыладым...» [6,75]. Бүл жас кейіпкердің балалық шағымен қоштасқан кимас шағы екен-ау. Жазушы соны нәзік суреттей білген.

Шығармаларындағы оқиға желілері өрбитін мекендер, көбіне өзіне ежелден таныс Шу бойы, Кербұлак таулары мен оның қойнауы, қоныистары, осы аттас өзеннің бойы, Шоқпар асу аталағын қыраттар маңайы. Өзі көкірегіне құйып өскен табиғатты суреттеу қаламгер үшін өлдекайда қолайлы. Солар арқылы туған аймақтың бүкіл

тыныс-тіршілігі ғана танылып қоймайды, кейіпкердің өзіне етene таныс суреттерден оның соларға деген махаббаты аңғарылып тұрады.

Қарауылбек Қазиев әңгімелерінің қай-қайсы да терен ойға құрылған, шымыр, оқырман жүргегіне ұялайтын дүниелер. Жазушының қандай тақырыпқа жазған әңгімесін алсан да, өмірде болатын жайлардың, көпшіліктің көкейінде жүрген шындықтардың шын шеберлікпен суреттелгенін айтар едік. Оның туындыларын басқалармен әсте шатастырмайсың. Қаламгер өзінше сөйлеп, өзінше толғайды, өзінше оқырманына сыр шертеді.

ӘДЕБІЕТ

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998. 384 б.
2. Қазиев К. Адамзат сапарының мейманымыз. Алматы: Жазушы, 2009. 183 б.

3. Қабдалов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1976. 373 б.
4. Ысқақұлы Д. Сынталқы. Алматы: Сөздік-словарь, 2005. 416 б.
5. Ергөбек К. Арыстар мен ағыстар: Қазақ қара сөзі жайында. Астана: Таным, 2003. 360 б.
6. Қазиев К. Біз абитуриент едік. Алматы: Жазушы, 2008. 240 б.

Резюме

В статье рассматриваются автобиографические очерки, написанные на основе фактов из личной жизни известного мастера пера Карапылбека Казиева, который благодаря наполненным искренностью чувств и правдивостью произведениям оставил неповторимый след в казахской художественной прозе.

Summary

The article observes an autobiographical stories based on the life facts of an outstanding writer Karaubek Kaziev, who was famous for his own probable works full of dawn's pure deep feeling.